

3. Протасова Е.Ю. Европейская языковая политика// Иностранные языки в школе //– М., 2002. С.9-15.
4. Осиянова О.М. Многоязычие как определяющий подход языковой политики в современном лингвистическом образовании // Вестник ОГУ, – 2005, №1 С.102-106.
5. Лесохина Т.Б., Шейпак С.А. Экономико-географический ареал международного профессионального общения на французском и немецком языках //Сб. науч. трудов ИМО Билингва 1998 – 2002 г., – М., 2002.
6. Лесохина Т.Б., Шейпак С.А.Преемственное обучение французскому языку в школе и в нефилологическом вузе в контексте языкового плюрализма// Иностранные языки в школе. – 2004. – №5.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ДАТАЛАРДЫ ЕСТЕ САҚТАУ ӘДІСТЕРІ (С. ДАТҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІ МЫСАЛЫНДА)

Анасова Айнаш Бектұрсынқызы,
тарих магистрі
Балғабаяева Гаухар Зкрияновна,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
т.ғ.к., профессор
Мирамова Жұмабике Жұмабекқызы,
тарих пәні мұғалімі,
Қостанай қ.

Аннотация

Берілген мақалада тарихи даталарды есте сақтау – тарих пәнінде өте күрделі мәселелердің бірі ретінде қарастырылған. Оқушыларға тарихи даталарды түсінікті және ұзақ есте сақтау үшін тарих пәнінің мұғалімдері бірнеше әдістер мен тәсілдерді қолдануы қажет. Тарих пәнін оқытудың әдіснамасында тарихи даталарды есте сақтау әдістері теориялық тұрғыдан да, практикада да әлі күнге дейін зерттелмеген. Тарихи даталарды есте сақтау оқушы үшін күрделі, нәтижесінде тарих пәніне деген қызығушылық төмендеп кетуі мүмкін, сондықтан да тарихи даталардың оқушылар есінде сақталуының тиімді жолдарын ұсыну қажет.

Түйінді сөздер: тарих, хронология, тарихикүндер, әдістер, көтерілістер.

Аннотация

Статья, посвященная одной из самых сложных проблем в предмете истории в школе – это запоминание исторических дат. И для того, чтобы учащимся было понятнее и дольше запоминать исторические даты, учителям истории необходимо использовать несколько методов и приемов. В методологии преподавания истории методы запоминания исторических дат до сих пор не изучены ни теоретически, ни на практике. Запоминание исторических дат сложно для школьника, в результате чего интерес к предмету истории может снизиться, поэтому необходимо предложить эффективные способы запоминания исторических дат.

Ключевые слова: история, хронология, исторические даты, методы, воостание.

Abstract

The article is devoted to one of the most difficult problems in the subject of history in school – it is the memorization of historical dates. And in order to make it easier for students to remember historical dates for longer, history teachers need to use several methods and techniques. In the methodology of teaching history, the methods of memorizing historical dates have not yet been studied either theoretically or in practice. Remembering historical dates is difficult for a student, as a result of which interest in the subject of history may decrease, so it is necessary to offer effective ways to remember historical dates.

Keywords: history, chronology, historical dates, methods, voostanie.

Қазіргі кезде білім берудегі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Ертеңгі еліміздің еңсесін тік ұстап, ел мерейін үстем ететін келешек ұрпақ деп

сенім артатындықтан сапалы білімді, саналы азамат тәрбиелеу ісі – білім беру саласының еншісінде.

Қоғамдық өмірде халқымыздың тарихының үлкен рөл атқаратыны жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» деген еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [1, б.12] деген. Сондықтан тарих пәнін жетік меңгеру, әдіс-тәсілдерін жүйелі қолданып, сабақты жүргізу тарихшы мамандарға тікелей байланысты екені белгілі.

Бүгін өтілген материалдың аса қажетті мәселелері бойынша пысықтауды тиімді ұйымдастыру және оған оқушылардың көбін, әсіресе орташа оқитын оқушыларды қатыстыру өте пайдалы. Ол үшін мұғалімнің сұрақтарына оқушылар жауап береді. Олар деректермен, құжаттармен, анықтаушы материалдармен, баспасөз мақалаларымен жұмыс істейді. Термин сөздерді, ұғымдарды, олардың анықтамаларын дәптерлеріне жазып, мазмұнын түсіндіреді. Сызбалар, кестелер дайындайды, оларды өздігінше толтырады, карта бойынша жұмыс жүргізеді. Жұмыс дәптеріндегі немесе дидактикалық материалдағы тапсырмаларды орындайды; оқулықпен жұмыс істейді [2, б.6].

Тарих пәнінде тарихи датаны есте сақтау жолдарын психологиялық-педагогикалық салалармен байланыстырып төрт түрлі әдіс арқылы есте сақтауға болады деп зерттеу барысында айқындалды. Төрт түрлі әдіс жолын таңдай отырып, олардың жүзеге асыру тәсілдері көрсетілді. Оларға:

1. Мнемотехникалық әдіс: а) графикалық тәсілі; б) карталы ес немесе Mind Map (кілттік сөз арқылы есте сақтау);

2. Салыстыру әдісі: а) математикалық бірізділік; б) математикалық есептеу әдісі; в) анықталған әдіс.

3. Эйдетикалық әдіс (методы эйдетики): а) ой кескіні (метод мысленной прорисовки); б) көру кескіні (метод зрительной прорисовки).

4. Тиімді қайталау (эффективные повторение): а) ойлау арқылы қайталау әдісі (мысленное повторение); б) рационалды қайталау (И.А.Корсаковтың әдісі бойынша) [2, б.6].

Тарихи даталарды есте сақтау техникасы тәсілдердің ішіндегі күрделісі, яғни, ақпарат сөзден құралса, оның санын есте ұстау қажет. Тарихи даталарды үш негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа – тарихи даталар, тек жылдардан тұратын бөлімі, екінші бөлімге – басқару мерзімдері (хандардың, патшалардың, президенттердің ел билеген жылдары), үшінші бөлімге – сандар, айлар мен жылдар жатады. Енді аталған әдістерге жеке-жеке тоқталып, қолдану аясын нақтырақ түсіндірсек:

Мнемотехника (немесе мнемоника) – грек тілінен аударғанда mnemonikan – есте сақтаудың өнері, есте сақтауды жақсартып, жасанды ассоциациялар арқылы есте сақтаудың көлемін ұлғайтуға арналған тәсілдер мен амалдардың жиынтығы. Мнемотехника екі мыңнан астам жылдан бері белгілі. Мнемоника үлкен көлемді мазмұнды ақпаратты есте сақтау құралы ретінде пайдаланылды. Мнемотехника мидың бейнелер тілімен қатынас жасауға мүмкіндік беретін бағдарлама болып табылады. Бір бейнені есіңізге түсірсеңіз, сонымен байланысты өзге де бейнелерді есіңізге түсіресіз. Мнемотехниканың екі түрін бөліп көрсетуге болады: біріншісі – тарихи даталарды есте сақтаудың графикалық тәсілі: «Карталы ес» немесе Mind Map тәсілі [2, б.8].

Бұл әдістің мазмұны датаны бейнелеуден тұрады. Өздеріңіз білетіндей, сандар әр түрлі заттарды бейнелейді. Екінші жағынан, фантазиясы жақсы дамыған адамдар кезкелген бейнелерден әр түрлі сандардың суреттерін көре алады. Тарихи даталарды есте сақтаған кезде, тақырыптағы әр түрлі заттар мен даталарды байланыстыратындай бейнелерді іздеу керек. Басқа сөзбен айтқанда, сізге сандарды суреттейтін ашық хат жасау керек, бірақ хатта керекті датаны көре алатындай сурет салу қажет. Мысалы: 1802 жылы Сырым Датұлының Хиуа хандығына өтіп, қаза болып, көтерілістің аяқталуы. 1802

жылды графикалық әдіс арқылы қалай есте сақтаймыз? Ол үшін 8, 0, 2 сандарына ұқсас бейнені таңдаймыз. Мысалға, кеме алайық, кеме ортасында екеуі бір-біріне қараған труба болады соны 8 саны деп аламыз, ал 0 санын кеме бағыты деп бейнелейміз, 2 санын теңіздің толқыны деп алып 802 санын бейнелеп шығамыз. «Карталы ес» немесе Mind Map – бұл қағаздағы немесе картада көрсетілген жазуларды, кілт сөздер арқылы датаны есте сақтау: тесттік тапсырмаларды орындағанда жылдарды есте сақтау үшін сөйлемнің бір кілт сөзін тауып, сол арқылы есте сақтау. Сондықтан карталы ес – кілт сөздер арқылы сақталатын біздің ойлауымыздың, ішкі сөздеріміздің сипаты. Біздің миымыз сөздер тізбегін мәтіннен немесе ауызға қабылдаған кезде сөздерді құрамдарына қарай, өз тіліне аударып отырады. Біздің басымызда ақпарат емес, кеңістікте орын тапқан «семантикалық құрамдар» болып сақталады.

«Семантикалық құрамдар» – ауызша ассоциация түрінде тәжірибеде анықталатын, жеке бастың сана-сезімін сипаттайтын, индивидуалды мағыналардың жүйесі. Карталы еске мысал келтірсек: 1784 жылы Сырымның Орал казак әскерлерімен кескілескен күресі Ор бекінісінің түбінде болды. Бұл жерде кілт сөз Ор бекінісі. 1785 жылы Сырым бастаған топ Сахарная бекінісіне шабуыл жасайды. 1786 жылы Орынборда шекаралық комиссия құрылады. 1802 жылы Сырым Датұлы Хиуа хандығына өтіп, қаза табады.

Салыстыру әдісі. Салыстыру әдісі – жаңа ақпаратты есте сақталатын ескі ақпаратпен байланыстыру немесе нақты ақпараттың әр түрлі элементтерін байланыстыру. Салыстыру әдісін үш түрге бөліп көрсетуге болады. Математикалық бірізділік тәсілі – бұл әдіс сандық ақпараттың элементтерін бір-бірімен біріктіріп, заңдылығын іздеу. Егер сандардың тізбегіне мұқият қарасақ, сандардың бірізділігін көруге болады, өсу ретімен немесе кему ретімен, тақ немесе жұп, жай немесе күрделі[3,б.9]. Мысалы: 1773-1775 жылы шаруалар соғысына жаппай қатысуы Нұралы бағытының әлсірегенін көрсетеді. 1796-1797 жылдардағы қысқы жұттың салдары көтерілістің қайта жандануына әкелді, көтерілістің үшінші кезеңі басталды. Көтерілістің басты талабы – жер мәселесі 1836-1838 жылы Ішкі Ордадағы көтерілісте жалғасын тапты. Математикалық есептеу тәсілі – бұл математикалық есептеу арқылы сандық мәліметтердің элементтерін біріктіру [3, б.42]. Мысалы: тесттік жүйеде Сырым Датұлы бастаған кіші жүз қазақтары бастаған көтеріліс болған аралық: 1783-1797 жылы – дұрыс жауабы. Егер оқушы көтерілістің 14 жылға созылғанын біліп, хронологиясын білмесе, $1797-1983=14$. Сырым Датұлының өмір сүрген уақытын көрсет (1712-1802). Сырым батырдың 90 жасқа дейін өмір сүруін біліп, хронологиясын білмесе, $1802-1712=90$. Бұл әдіс арқылы хандардың ел билеген жылдарын анықтауға болады. Мысалы: Кіші жүздің ханы Нұралы хан билігін басқарды, $1748-1786=38$.

Анықталған әдіс – жаңа ақпаратты есте сақталатын ескі ақпаратпен байланыстыру немесе нақты ақпараттың әртүрлі элементтерін байланыстыру. Мысалы: тарихи даталардың мерзімін, көтеріліс басшыларының өмір сүрген жылдарын, сонымен қатар географиялық орындармен көтеріліс болған жерлердің атауын есте сақтауға болады [1, б.9]. Мысалы: 1797 жылы наурыздың 17-сінде Сырым тобы хан сарайына тұтқиылдан шабуыл жасап, Есім ханды өлтірді. Өткен тарихи датамен салыстыру. 1397 жылы Әмір Темір ҚожаАхмет Йассауи кесенесін салуға бұйрық берді. 1597 жылы Сібір хандығы Ресей құрамына кірді. 1783 жылы Сырым батыр бастаған көтеріліс бастау алды. 1883 жылы Жетісу жеріне Шығыс Түркістаннан дүнгендерді қоныс аудару туралы жарлық қабылданды.

Эйдетикалық әдіс. Бұл әдіске анықтама бермес бұрын, алдымен, эйдетизм сөзіне анықтама береміз. Эйдетизм (гр.eidos – бейне) – бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстарды объекті көзден таса жағдайда да көріп тұрғандай қабылдайтын ерекше психологиялық құбылыс. Эйдетикалық бұл – есте сақтаудың ерекше бір үлгісі. Эйдетикалық феноменнің мәні – адам көріністі бос экрандағы сөзді дәл мағынада көруге, көз алдына

елестете отырып бейнелейді. Эйдетикалық әдісті екі тәсілге бөліп қарастыруға болады: а) ой кескіні (метод мысленной прорисовки); в) көру кескіні (метод зрительной прорисовки) [1, б.10]. Тиімді қайталау. Қайталау – сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше мәрте қайталап қолдану тәсілі. Қайталаудың бірнеше түрі бар. Зерттеуші психолог ғалымдар қайталаудың бірнеше заңдылықтарын ашып көрсетті. Тиімді қайталау – анықталған ақпарат көзін әр түрлі әдіс бойынша қайталау. Тиімді қайталаудың бір түрі – ол ойша қайталау. Бірінші кезең бойынша: оймен қайталау – ассоциациялық тізбектердің жиынтығы. Екінші кезең бойынша: ақпаратты еске түсіру арқылы қайталау басынан аяғына дейін жүргізіледі. Мысалы: бақылау сұрағын мұғалім екі минуттың ішінде оқиды, сол сәтте оқушы бір минуттың ішінде қайталауы қажет.

С.Датұлының казак әскерлерімен алғашқы ашық қақтығысы болды: 1783 жылы. 1783-1797 жылдары С.Датұлы бастаған көтерілістің қамтыған аймағы: Кіші жүз жері. С.Датұлы бастаған көтеріліс кезінде халықтың жағдайын нашарлатқан жұт болды: 1796-1797 жж.[2,б.44].

Рационалды (тиімді қайталау) (И.А.Корсаковтың әдісі бойынша). Рационалды әдісін жүргізу екі үлкен топқа бөлінеді: интеллектуалды жұмыс кезіндегі мағлұматты естесактау, мнемотехникалық әдістер кезінде терминдерді, нақты мерзімдерді қайталау.

Негізгі ұстанымдары: Тарихи датаны оқыған кезде бірден қайталау (мысалға, 1802 жылы Сырым Датұлы Хиуа жерінде қаза тапты. Аз уақыттың ішінде қайталауды белгілі бір уақытқа ұзату.

Ақпаратты қажетті аралықта жоғалтып алмас үшін бірнеше қормен ұстап, қайталауды жалғастыру қажет. Мысалы, Сырым Датұлының казак әскерлерімен алғашқы ашық қақтығысы болды: 1783 жылы. 1783-1797 жылдары С.Датұлы бастаған көтерілістің қамтыған аймағы: Кіші жүз өңірі. С.Датұлы бастаған көтеріліс кезінде өлтірілген Кіші жүз ханы: Есім хан. С.Датұлы бастаған көтеріліс кезінде халықтың жағдайын қиындатқан жұт болды: 1796-1797 жж.

Тестті кілт сөзбен есте сақтау, оны картамен байланыстыру оқушылардың ой-өрісін дамытады. Салыстыру әдісін оқушылар жақсы түсініп қабылдайды. Нәтижесінде екі әдіс тарихи даталарды есте сақтауда уақытты үнемдейді. Тарихи оқиғаны өткен оқиғалармен байланыстыра отырып есте сақтау тарих пәнін ауқымды түсінуге мүмкіндік береді. Жан-жақты, ой-өрісі дамыған оқушы қалыптасады. Тарих пәніне қызығушылық артып, тесттік жүйені тапсыруда нәтижесі жоғары деңгейде болады. Оқушы болған оқиғаны көз алдына елестете отырып, болашаққа деген көзқарасы өзгереді. Тарихи даталарды есіне сақтап қоймай, болған көтерілістің аумағын, ауқымын, себебін, нәтижесін іздестіруге тырысады.

Сонымен төрт әдістің де тарих пәні сабақтарында тарихи даталарды қолдануда тиімділігінің ерекше екендігін баса айтқан жөн [2, б.49].

Тарих сабағында *рөлдік ойындарды* қолданудың тиімді жақтары өте зор. Рөлдік ойындарда қатысушылар әлеуметтік қатынастар немесе материалдық объектілерді өздерінің өмірлік көркем әсерлері негізінде жеке-дара немесе ұйымдастырушының көмегімен жаңғыртады. Ойындар шығармашылық сипатта болады. Бала қабылдаған жаңа бейне бала үшін рөлдік ойынның тартымдылығын арттырады және баланың әрекетінің түрткі күшін қамтамасыз етеді. Соның арқасында оқушының эмоционалдық ахуалы өзгеріп, жаңа білім, ойын әрекеті арқылы дағдылары мен біліктілігін дамыту жүзеге асады.

Мысалы, «Тарихи ромб» ойыны. Ромбтың тоғыз шаршысына тарихи даталар жазылады. Тапсырма: бір тарихи кезеңге жататын немесе белгілі бір тарихи тұлғаға қатысты даталарды өсу не кему ретімен, тарихи оқиғаға қатысты екенін атай отырып қалпына келтіру немесе белінен сызу керек. Аз уақыт ішінде тарихи даталарды дұрыс әрі көбірек айтқан оқушы жеңімпаз. Кейде кейбір даталарды ерекшелеп қоюға да болады,

бұл сол оқиға жайлы кеңірек әңгімеле дегенді білдіреді. Бұл ойын маңызды тарихи даталарды есте сақтауға көп көмегін тигізеді [4, б.17].

«Жел және қолжазбалар» (мәтіндік лото) ойыны. Мұғалім: Баспахананың терезесіне ұйтқи соққан жел қолжазба парақтарын жерге, стол үстіне шашып тастайды. Олар не жайлы баяндайды? Көреміз, беттерін ретімен жи-наймыз, оқимыз. Қағаз беттерінде ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. қазақ шаруаларының ұлт-азаттық көтерілістерінің қолбасшылары, олардың үзеңгілестерінің атаулары кездеседі. Даңқты шаруалар көтерілістері жайлы әңгіменің беттерін қандай ретпен жинаймыз? Неден бастаймыз? Байқаймын, әңгіменің мазмұны жазылған бетте бар секілді. Соған жүгінейік. Әр топ өзіндегі қатысушылар санына сай беттен тұратын мәтін алдыңыздар, енді бастайық! Бұл ойын да жинақтау-қайталау сабағына тиімді. Топтар мәтінмен танысады. Мұғалім мазмұнын оқып тұрғанда, әр топ өзіндегі мәтінді сол ретпен қойып шығады. Келесі тапсырма топтар өз мәтінін келесі топтың бағалауына ұсынады. Ол топ «Үш қадамдық сұхбат» әдісімен мәтін бойынша 3 сұрақ дайындайды. Сұрақтар «Шығыр» әдісімен келесі топқа ұсынылады, олар әр сұраққа үш сөйлемнен жауап жазады. Соңында мәтін алғашқы топқа қайтып оралады да, топ сұрақтың сауаттылығын, жауаптың дұрыстығын бағалайды [4, б.18]. Сонда бірнеше әрекет орындалады: сәйкестендіру, талдау, сұрақ қою, жауап беру, бағалау. Ал жаңа стандарт оқушылардың түсіндіру және талдау дағдысын тереңдеп дамыту үшін жаңа стратегиялар мен техникаларды қолдануды көздейтін болса, деңгейлеп оқыту, сыни ойлауды қалыптастыру, тірек-сызба, салыстырмалы талдау, жазу дағдыларын дамыту мақсатында бұл ойынның берері көп деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: «Атамұра» баспасы, 1999 жыл. – 296бет.
2. Қылышбекқызы Б. Тарих пәнін оқытуда тарихи даталарды есте сақтау жолдарының әдістері//Мұғалім.kz. Адам және қоғам. Человек и общество. №3, 2018 жыл. – 6-10 бб.
3. Тойбаев А.Ж. Тарих пәнін оқытуда ойын технологиялары арқылы тұлғаны дамытудың дидактикалық негіздері//Вестник АПН Казахстана. – 2008 г. №3.
4. Нұрбергенова С.Ойын арқылы оқыту//Шағын мектеп. – 2008 жыл. №4-5, – 17-21 бб.

СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ И ЗА РУБЕЖОМ

Арсеева Сара Болтаевна,

старший преподаватель кафедры теории языков и литературы,
Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова, г. Костанай

Аннотация

Өзектілігі. Мақалада қазақстандық білім беру жүйесіндегі жаңа акценттер қарастырылады, олар пәнді білуге бағдарланған білім беру мақсаттарынан логикалық тұрғыдан келесі бірінші топтан кейінгі – оқушылардың түйінді құзыреттіліктерді игеруіне бағытталған мақсаттарға ауысты. Мақсаты. Қазақстандық қоғамның қазіргі жай-күйі, оның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Түйінді сөздер: білім беру мақсаты, білім алу, негізгі құзыреттер, модернизация, мұғалім.

Аннотация

Актуальность. В статье рассматриваются новые акценты в системе Казахстанского образования, которые поменялись от целей образования, ориентированных на знание предмета, к целям, логически следующим за группой первых – ориентированным на приобретение школьниками ключевых компетенций.

Цель. Показать современное состояние казахстанского общества, его интеграцию в мировое образовательное пространство, которая требует повышения конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого роста экономики и соответствия реалиям времени.